

Г.Б. Каспақбаева*, Е. Баят,
Н.А. Исмаилова, А.Т. Куралова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: kaspakbayeva_gulzat@live.kaznu.kz

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЧУВАШ ПАРЕМИОЛОГИЯСЫНДАҒЫ «ЖЫЛҚЫ» КОНЦЕПТИСІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ПАРАДИГМАСЫ

Мақалада қазақ және чуваш паремиологиясындағы «жылқы» концептісінің лингвомәдени парадигмасы кешенді түрде қарастырылады. Қос ұлттың жылқы жөніндегі түсініктеріндегі ортақ және ерекше қырларды анықтау қажеттілігі осы жұмыстың өзектілігін арттырады. Осы ғылыми мақалада қазақ және чуваш мақал-мәтелдері негізінде «жылқы» концептісінің лингвомәдени мазмұны жан-жақты сипатталады. Зерттеу дереккөзі ретінде құрамында «жылқы» лексемасы көрініс тапқан қазақ және чуваш тілдеріндегі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер кешені пайдаланылды; тілдік материалдар әртүрлі паремиологиялық жинақтар мен түсіндірме сөздіктер негізінде іріктелді. Жұмыста алғаш рет екі тілдің паремиологиялық қорындағы «жылқы» концептісіне кешенді салыстырмалы талдау жүргізіліп, оның когнитивтік моделі мен ұлттық-мәдени мазмұны жүйеленді. Зерттеу нәтижелері екі халықтың да жылқыны кең әрі бейнелі символдық жүйе арқылы бағалайтынын, оны дәулет, батырлық және еркіндік ұғымдарымен сабақтастыра қабылдайтынын көрсетеді. Сонымен қатар қазақ паремиологиясында жылқы образы негізінде поэтикалық-романтикалық сипатта көрініс тауып, оны «ердің қанаты», «малдың патшасы» тәрізді метафоралар арқылы асқақтата бейнелеп отырған. Ал чуваш халқының көркемдік танымында ол өзінің асқақ болмысынан ажырап, тек қана тұрмыс-тіршіліктегі еңбекпен, күнкөріспен байланысты бейнеленетін болған. Мұның өзі жылқы түлігінің қадір-қасиетін түсіргендік болып есептелмейді. Қалай алғанда да жылқы екі халықтың байырғы танымында «түлік патшасы», «ер қанаты» болып, әспеттеліп келген. Жылқы мәдениетіне қатысты түсініктерде ортақ сипаттар мен айырмашылықтың болуы екі халықтың салт-санасындағы бірегейлік пен өзгешеліктерден дер едік. Зерттеу жұмысымыздың прагматикалық маңызы сайып келгенде этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанулық тұрғыдан арнайы курстарда иллюстрация ретінде пайдалану, сондай-ақ мәдениаралық коммуникация мен аударма ісінде қолдану мүмкіндігінде. Зерттеу тәсілдері мен тұжырымдары болашақта түркі халықтарының паремиологиясында «жылқы» концептісін салыстырмалы зерделеуге негіз бола алады.

Түйін сөздер: жылқы концептісі, паремиология, лингвомәдени парадигма, салыстырмалы талдау, қазақ және чуваш мақал-мәтелдері.

G.B. Kaspakbayeva*, Y. Bayat, N.A. Ismailova, A.T. Kuralova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: kaspakbayeva_gulzat@live.kaznu.kz

Linguocultural Paradigm of the Concept «Horse» in Kazakh and Chuvash Paremiology

This article comprehensively examines the linguocultural paradigm of the «horse» concept in Kazakh and Chuvash paremiology. The need to identify common and distinctive aspects in the concepts of horses of both nations increases the relevance of this work. This scientific article provides a comprehensive description of the linguocultural content of the «horse» concept based on Kazakh and Chuvash proverbs and sayings. A set of fixed phrases and proverbs in the Kazakh and Chuvash languages containing the lexeme « horse» was used as the research source; linguistic materials were selected based on various paremiological collections and explanatory dictionaries. For the first time in the work, a comprehensive comparative analysis of the «horse» concept in the paremiological fund of the two languages was conducted, and its cognitive model and national-cultural content were systematized. The results of the study show that both peoples value the horse through a broad and figurative symbolic system, perceiving it in connection with the concepts of wealth, heroism, and freedom. At the same time, in Kazakh paremiology, the image of the horse is based on a poetic-romantic character, and it is exalted through metaphors such as «the wing of the man», «the king of livestock». And in the artistic perception of the Chuvash people, it was deprived of its lofty essence and was depicted only in connection with domestic labor and subsistence. However, this is not considered a violation of the dignity of the horse breed. In any case, in

the ancient beliefs of both peoples, the horse was revered as the «king of livestock» and the «wings of the man». We would say that the common features and differences in the concepts of horse culture are due to the uniqueness and differences in the traditions of the two peoples. The pragmatic significance of our research work lies in the fact that it can ultimately be used as an illustration in special courses from an ethnolinguistic and linguocultural perspective, as well as in intercultural communication and translation work. The research approaches and conclusions can serve as a basis for the comparative study of the concept of «horse» in the paremiology of Turkic peoples in the future.

Keywords: horse concept, paremiology, linguocultural paradigm, comparative analysis, Kazakh and Chuvash proverbs and sayings.

Г.Б. Каспакбаева*, Е. Баят, Н.А. Исмаилова, А.Т. Куралова
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
*e-mail: kaspakbayeva_gulzat@live.kaznu.kz

Лингвокультурная парадигма концепта «лошадь» в казахской и чувашской паремиологии

В данной статье комплексно рассматривается лингвокультурная парадигма концепта «лошадь» в казахской и чувашской паремиологии. Необходимость выявления общих и отличительных черт в представлениях двух народов о лошадах повышает актуальность данной работы. В данной научной статье на основе казахских и чувашских пословиц и поговорок всесторонне описывается лингвокультурное содержание концепта «лошадь». В качестве источника исследования был использован комплекс устойчивых выражений и пословиц в казахском и чувашском языках, содержащих лексему «лошадь»; языковой материал был отобран на основе различных паремиологических сборников и толковых словарей. В работе впервые проведен комплексный сравнительный анализ концепта «лошадь» в паремиологическом фонде двух языков, систематизированы его когнитивная модель и национально-культурное содержание. Результаты исследования показывают, что оба народа оценивают лошадь через широкую и образную символическую систему, воспринимая ее в сочетании с понятиями богатства, героизма и свободы. Кроме того, в казахской паремиологии образ лошади проявляется в основном в поэтико-романтическом характере, его превозносят с помощью таких метафор, как «крыло мужчины», «царь скота». А в художественном сознании чувашского народа оно утратило свою возвышенную сущность и отображалось лишь в связи с бытовым трудом, существованием. Однако это не считается унижением достоинства коневодства. В любом случае, лошадь в древних представлениях обоих народов почиталась как «царь животных», «крыло мужчины». Наличие общих черт и различий в представлениях о культуре лошадей можно объяснить уникальностью и различиями в традициях и сознании двух народов. Прагматическая значимость нашей исследовательской работы заключается в том, что в конечном итоге она может быть использована в качестве иллюстрации в специальных курсах с этнолингвистической, лингвокультурологической точек зрения, а также в межкультурной коммуникации и переводе. Подходы и выводы исследования могут послужить в будущем основой для сравнительного изучения концепта «лошадь» в паремиологии тюркских народов.

Ключевые слова: концепт лошади, паремиология, лингвокультурная парадигма, сравнительный анализ, казахские и чувашские пословицы.

Кіріспе

Әлем халықтарының тілдік бейнесінде «жылқы» ұғымы ерекше орын алады. Жылқы – көне заманнан бері ер жігіттің сенімді серігі, шаруашылық пен мәдениеттің ажырамас бөлігі болып келген түлік. Қазақ халқы үшін жылқы – тек көлік немесе азық қана емес, рухани құндылықтың, мәрттіктің, бостандық пен байлықтың символы саналады. Чуваш мәдениетінде де жылқыға сүйіспеншілік пен құрмет бар: халық нанымдарында жылқы қасиетті жануар деп танылып, оны құдаймен тікелей байланыстырады, сондай-ақ жылқы байлық пен амандықтың нышаны деп есептеледі. Қазақ және чуваш паремиологиялық қорында (мақал-мәтелдерінде)

жылқы образы молынан кездесуі осы концептінің екі халық дүниетанымында маңызды екенін айғақтайды.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі лингвистиканың туыс тілдер ұстанушыларының тілдік санасында шындықты концептуалдау мәселесіне деген қызығушылықтың артуымен байланысты. Антропоөзектік парадигма аясында тіл ұжымдық тәжірибені құрылымдау және репрезентациялау құралы ретінде қарастырылады. Генетикалық тұрғыдан жақын тілдердегі концептіні салыстырмалы талдау түркі халықтары ғаламның тілдік бейнесі туралы түсініктерді тереңдетуге ықпал ететін әмбебеп танымдық тетіктерді де, концептуалдаудың ұлттық ерекшеліктерін де анықтауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ жұмыстың маңыздылығы этностың құнды ұстанымдарын айқындайтын мәдени маңызы бар менталды бірлік ретінде концептіні жан-жақты зерделеу қажеттілігімен де түсініледі. Туыс тілдердегі концептіні талдау жалпы түркілік мәдени өзектің сақталу үдерістерін бақылауға және әрбір жеке халықтың тарихи-әлеуметтік даму жағдайында оның трансформациялану ерекшеліктерін айқындауға септігін тигізеді. Бұл, әсіресе, мәдениаралық қарым-қатынас пен ұлттық бірегейлікті сақтау мәнмәтінінде өте маңызды.

Зерттеудің мақсаты – жылқы түлігіне қатысты қазақ және чуваш халықтарының көркемдік танымында қалыптасқан мақал-мәтелдер негізінде оның лингвомәдени болмысын сипаттау, соны ашып көрсету. Қазақ және чуваш ауыз әдебиеті үлгілеріндегі орнығып, тілдердің паремиялық құрамына кіріккен «жылқы» концептісі – зерттеудің нысаны болып табылады. Зерттеу пәні – қазақ, чуваш тілдеріндегі паремияларда көрініс тапқан «жылқы» концептісінің ортақ сипаттары мен этнолингвистикалық мән-мағыналары. Түркі тілдеріндегі «жылқы» компонентті мақал-мәтелдерді жинақтап, оларға дефинициялық және семантикалық талдау жасау; жылқы туралы мәдени үлгілер мен ассоциацияларды анықтау (фреймдік модельдеу); екі тілдегі деректерді салыстырмалы сипаттап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсету – жұмыстың негізгі міндеттерін айқындайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – туыс, бірақ түркі тілдер тобының әртүрлі тармақтарына жататын (қыпшақ және бұлғар) қазақ және чуваш тілдеріндегі «жылқы» концептісіне алғаш рет кешенді салыстырмалы талдау жүргізілгендігімен айқындалады. Жұмыста паремиология материалы негізінде «жылқы» концептісінің көп деңгейлі құрылымы (концептуалды, бейнелі, символдық және аксиологиялық компоненттері) қайта қалпына келтірілді; мәдениеттің ежелгі көшпелі және әскери үлгісін бейнелейтін концептінің инвариантты жалпы түркілік өзегі анықталды; тарихи дамудың, тұрмыс-тіршіліктің және мәдени трансформацияның өзгешіліктеріне байланысты қазақ және чуваш тілдеріндегі «жылқы» концептуалдануының ұлттық ерекшеліктері белгілі болды; көшпелі дәстүрдің әртүрлі дәрежеде сақталуы жағдайында зооморфтық концептінің семантикалық эволюциясы мен метафоралану тетіктері белгіленді; түркі тілдері тобы ішіндегі концептуалды дивергенцияның типологиялық өлшемшарттары нақтыланды.

Практикалық маңыздылығы – алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында этнолинг-

вистика, лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика курстарында иллюстративті материал ретінде, мәдениаралық коммуникация мен аударма ісі тәжірибесінде пайдалануға болады. Сонымен бірге, қазақ және чуваш мақал-мәтелдерінің жинағын құрастыруға, түсіндірме сөздіктер әзірлеуге зерттеу нәтижелері негіз болады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде қазақ және чуваш тілдеріндегі паремиологиялық қор пайдаланылды. Талдауға құрамында «жылқы» атауы көрініс тапқан мақал-мәтелдер, сондай-ақ аталған тілдердегі паремиологиялық жинақтар мен түсіндірме сөздіктерден іріктелген тілдік деректер енгізілді. Сонымен қатар, жұмыста «концепт» категориясының лингвистикалық мәнін, этномәдени мазмұнын ашу барысында қазақ, чуваш ғалымдарының ғылыми зерттеулер, теориялық тұжырымдар, салыстыра саралау еңбектері қарастырылды. Мәдени-тілдік дереккөздер негізінде «жылқы» концептісін айқындайтын типологиялық белгілер мен этностық ерекшеліктер сараланды.

Әдіснамалық тұрғыдан алғанда біздің зерттеу жұмысымыз тіл біліміндегі когнитивтік лингвистикамен қатар лингвомәдениеттанудағы тұрлаулы концептологиялық қағидаттарға сүйенеді. Осы тұрғыдан алғанда жылқы туралы жалпы ұғымның көркемдік санада орнығуы мен тілдік қолданыста мәдени-танымдық модель ретінде қалыптасуы тілдік деректер арқылы айқындалды. Ұлттың тілдік танымдағы жылқы образын айқындайтын символдық белгілер, тілдік көркемдік бояулар, ассоциативті жүйелер негізінде олардың этномәдени, тілдік сипаттары біршама анықталып, көрсетілді және тілдердегі көпқабатты когнитивтік жүйе ретінде қарастырылды.

Зерттеу жұмысымызда қазақ және чуваш тілдеріндегі паремиологиялық бірліктерді өзара тарихи-типологиялық тұрғыдан салыстыра зерттеу тәсілі қолданылды. Бұл әдіс «жылқы» концептісінің екі халықтың дүниетанымындағы ортақ семантикалық негіздерін және әрқайсысына тән мәдени-танымдық айырым белгілерін анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар паремиологиялық талдау әдісі мақал-мәтелдердің семантикалық құрылымын, құндылықтық-символдық компоненттерін, бейнелі-мағыналық мазмұнын және мәдени интерпретациясын ашуға бағытталды.

Талдау барысында тілдік деректер индуктивтік тәсіл арқылы жеке мақал-мәтелдерден жалпы концептуалдық белгілерге қарай жинақталып, дедуктивтік тәсіл негізінде анықталған теориялық тұжырымдар нақты тілдік материалмен дәлелденді. Нәтижесінде «жылқы» концептісінің лингвомәдени мазмұнын құрайтын негізгі семантикалық доминанттар мен когнитивтік модельдер жүйелі түрде айқындалды.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі тіл ғылымында концепт тілдің, ойлаудың және мәдениеттің өзара әрекеттесуін көрсететін танымдық парадигманың негізгі категорияларының бірі ретінде қарастырылады. Ғылыми дәстүрде концептіні түсіндірудің бірнеше тәсілдері бар: танымдық, лингвомәдениеттанымдық, психоллингвистикалық және семиотикалық. Терминологиялық интерпретациялардағы айырмашылықтарға қарамастан, зерттеушілер ұғымдық, бейнелі және аксиологиялық деңгейлерден тұратын концептінің көп компонентті құрылымын мойындайды (Рубцова, Девдариани, 2021).

Когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттану ғылымында «концепт» термині күрделі менталды-тілдік құрылым ретінде қарастырылады. Танымдық тіл білімі аясында концепт тілдің аталымдық құралдар жүйесімен ұсынылған менталды бірлік ретінде түсіндіріледі (Балмагамбетова, 2016). Лингвомәдениеттану дәстүрі концептінің ғаламның ұлттық бейнесімен және мәдени доминанттармен байланысына ерекше мән береді (Ильина, 2015). Біздің зерттеуімізде концепт дегеніміз – сөздің жай лексикалық мағынасы емес, тарихи жад, символдық мән және бағалаушылық ұстанымдардан тұратын күрделі құрылым.

Концепт туралы ұғымға келер болсақ, ол нақты бір этникалық қауымдастықтың мәдени белгілерін білдіретін мәнге ие тұжырым ғана емес, ұжымдық сананы айқындайтын ең негізгі когнитивтік бірлік болып шығады екен. Е.С. Кубрякованың пайымдауы бойынша концепт дегеніміз тілдегі бейнелеудің басты тетігі ғана емес, өмірлік тәжірибелерді жүйелі түрде орнықтыратын тілдегі когнитивтік бірлік болып анықталады (Кубрякова, 2004). Ал В.И. Карасик болса, мұндай концептілерді ұлттық дүниетанымның, этникалық мәдениеттің «басты ошағы» ретінде қарастырады. Яғни, олардың құрылымындағы когнитивизм ұлттық құндылықтық және коммуникативтік сипаттар негізінде түсіндіріліп,

олардың ортақ тоғысы арнайы сөз болады (Карасик, 2021). З.Д. Попова мен И.А. Стернин концепцияларындағы концепт ең әуелі тілдің лексика-семантикалық кеңістігін қамтитын, қажетті мәдени ақпаратты жинақтайтын және оны тілдік санада сақтайтын құрал ретінде қарастырылғанын айта кеткіміз келеді. (Попова, Стернин, 2020). Ал С.Г. Воркачёв концептілердің ұлттық менталитеттегі аксиологиялық, яғни бағалаушылық қызметіне ерекше мән беріп, оларды халықтың эмоциялық-бағалаушылық доминанттары арқылы талдайды (Воркачёв, 2020).

Отандық тіл білімінде концепт мәселесі лингвомәдени және когнитивтік тұрғыдан жүйелі түрде зерттеліп келеді. Мәселен, Ж.И. Исаева ұлттық паремиология материалдары негізінде «тағдыр» концептісінің лингвомәдени мазмұнын айқындап, мақал-мәтелдердің халықтық дүниетанымды танытудағы рөлін көрсетеді (Исаева, 2014). И.Б. Байсыдық, А.М. Нұрбаева, Р.К. Жетібай зерттеуінде «қонақ» концептісі қазақ және орыс тілдеріндегі мәдени-танымдық параметрлер тұрғысынан салыстырмалы түрде талданып, концептінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері ашылады (Байсыдық және т.б., 2025). Г.Қ. Қортабаева мен А.Н. Құдайбергенова «Түркі тілдеріндегі «жылқы» атауы: этимологиясы және концептілік мазмұны» атты еңбегінде жылқы ұғымын түркі тілдік деректері негізінде талдап, оның тарихи-этимологиялық қабаттарын және ұлттық дүниетанымдағы символдық рөлін жан-жақты сипаттайды (Қортабаева, Құдайбергенова, 2019). Ал А.Б. Құсайынова қазақ және түрік тілдеріндегі жылқыға қатысты зоонимдік лексиканы саралай отырып, бұл концептінің түркі халықтарының мәдени жүйесіндегі орны мен мәнін айқындайды (Құсайынова, 2023). Аталған зерттеулерге сүйенсек, концепт мазмұнының ұлттық тілдегі лексикалық қорларды, атап айтқанда мақал-мәтелдерде, фразеологиялық тіркестеде кең көлемде сақталғанын көруге болады. Тіліміздегі паремиологиялық қолданыстар ұжымдық сананы айқындайтын, соны белгілі бір көркемдік ұғымға, тәжірибелік танымға сай сақтайтын бірден бір құндылықтар жиынтығы және құрал екенін жоққа шығара алмаймыз.

Түркі тілдеріндегі «жылқы» атауына қатысты зерттеулердің бағыттары әралуан. Мәселен, Хакас паремиологиясында «ат/жылқы» зоолексемасы этномәдени мағыналардың ең ауқымды қабатын құрайды. Зоонимдер қатысқан мақал-мәтелдер құндылықтық оппозициялар, атап айтқанда, жақсылық пен жамандық, күш пен әлсіздік тәрізді қарама-қарсы ұғымдар, сон-

дай-ақ отбасылық және әлеуметтік қатынастар жүйесі негізінде құрылымдалады (Pokoyakova, 2023). Хакас дүниетанымында «ат» адамның адал досы, сенімді серігі әрі көмекшісі ретінде танылады және бақ-береке мен тұрмыстық игіліктің символы қызметін атқарады. Осыған байланысты мақал-мәтелдерде «адам – жылқы» параллелизмі жиі көрініс тауып, адам мен жылқыға тән сапалар өзара салыстырыла сипатталады (Chertykova, 2019).

Жалпы түркі және моңғол көшпелі халықтарының дүниетанымында жылқы «сакралды жануар» ретінде танылады. Оның жас ерекшелігі, түсі, жүрісі, қимыл-қозғалысы сияқты қасиеттері тілдік жүйеде егжей-тегжейлі көрініс тауып, жылқыға қатысты лексиканың этномәдени мазмұнын айқындайды (Diachkovskiy, 2023).

Қалмақ және моңғол мақал-мәтелдерінде жылқы бейнесі көбіне еңбекқор адам ұғымымен сабақтастырылады. Мұндай паремиологиялық құрылымдардың негізінде «ер адам – айғыр» параллелизмі жатыр, яғни жылқыға тән күш, төзімділік, еңбекқорлық сияқты қасиеттер ер адамның әлеуметтік және мінездік сипаттарын бейнелеу үшін қолданылады.

Түркі тілдеріндегі деректерді орыс, славян, ағылшын, украин және моңғол тілдік дәстүрлерімен салыстыру жылқы бейнесінің әрі әмбебап, әрі этномәдени сипатқа ие екенін көрсетеді. Әмбебап қырынан алғанда, жылқы күш-қуаттың, адалдықтың, сенімді серіктестіктің, күндік және аспандық символиканың көрінісі ретінде танылады. Ал этномәдени тұрғыдан әр тілдік дәстүрде жылқы бейнесі сол халықтың шаруашылық-мәдени тәжірибесімен, дүниетанымымен, әлеуметтік құндылықтар жүйесімен және мифопоэтикалық танымымен сабақтаса репрезентацияланады (Nikolaeva, 2025; Chaienkova, 2020; Pimenova, 2021).

Қазіргі тілі біліміндегі зерттеулерге қарасақ, осы концептіге, оның құрылымы мен шекарасына қатысты алуан түрлі пікірлер бар екенін аңдауға болады. Айталық, бір топ ғалымдар концептіні үшқұрлымды модель ретінде ұсынып, оның құрамын ұғымдық, бейнелік және бағалаушылық компоненттермен байланыстырды (Коровина, 2012; Абилюдинова, 2021). Ал енді зерттеушілердің бір тобы оның құрамына ассоциативтік, мифологиялық және дискурстық қабаттарды енгізу қажет деп есептейді (Утегенова, 2020; Кузлякин, 2005). Осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, алдағы уақытта концептіге қатысты зерттеудің әдіснамалық ұстанымдарын нақтылай түсу және де олардың түзілісін түркі

тілдеріне ортақ деректік базаға бейімдеу қажеттілігі туындайды.

Ғылыми еңбектерді саралай отырып, біздің тақырыбымызға қатысты лексикалық қордың өте бай екенін және концептология мен этнолингвистиканың теориялық тұжырымдарының баршылық екендігін айтамыз. Дей тұрғанмен де «жылқы» концептісін мәдени-танымдық категория ретінде түркі тілдері аясында кешенді салыстырмалы тұрғыдан зерттеулердің әлі де болса тапшылығын байқадық. Сонымен бірге осы концептінің ішкі құрылымындағы әмбебаптық және ұлттық сипат ерекшеліктерінің өзара қарым-қатынасы толық зерттелмеген. Осы проблемалар зерттеу жұмысымыздың өзектілігі мен теориялық маңызын айқындайды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу жұмысымыздың нысаны ретінде алынған «жылқы» концептісі күллі түркі дүниесіне ортақ рухани-мәдени, тілдік құндылық болып табылады. Өйткені ол түркі халықтарының мәдени жадында өте ерте замандардан сақталған болатын. Солардың ішінде қазақ халқының байырғы дүниетанымындағы жылқы бейнесі өзінше бір алуан сипатқа, айрықша құрметке ие болып келген. Жылқы түлігі қазақ үшін тұрыс-салттың ажырамас бөлігі ғана емес, асқақ рух пен адалдықтың мәніне айналған символдық мәнге ие. Жылқы образы желгі мифтерде, ертегілер мен эпикалық жырларымызда көрініс тапқан. Оның Иесі деп Қамбар атаны таныған. Жылқы түлігі жеті қазынаның бірі есебінде саналуы оның қадір-қасиетін айқындаса керек. Халық танымындағы ең жақсы қасиеттер осы жылқымен байланыстырып келгенін көреміз. Ол «ер қанаты» ғана емес, адал, ақылшы дос. Оны эпостарымыздағы батырлардың тұлпарлар бейнесінен көреміз. Қазақтың өз мінезінің сырын осы жылқымен байланыстыруы да тегін емес. Мысалы, «қазақ жылқы мінезді», «адам танысқанша, жылқы кісінегенше» т.б. Жылқы бейнесі ұлттық санамызда берік орын алған ғажайып құндылық болып табылады.

Жылқы түлігі чуваш халқының мәдениетінде де жат емес, ол өзгелермен салыстырғанда мейлінше аса сүйкімді, сүйікті түлік болып саналған. Чуваш мифтерінде жылқыға айрықша орын берілген, ол қасиетті жануар есебінде саналған. Ежелгі наным бойынша оның иесі Пихампар болып саналған. Сондай-ақ жылқыға мінген Көк Тәңірі әлемді шарлап жүреді деп түсінген. Қазақтар секілді чуваштарда да жылқы – ер жі-

гіттің сенімді серігі, адал досы болып саналады. Ол ежелгі наным бойынша ерліктің, қайсарлықтың, адалдықтың, төзімділіктің, молшылықтың нышаны ретінде бағаланған екен. Олар да өздерінің өмір тіршіліктерін осы жылқымен байланыстырған. Чуваштар көшпелі салттан ажырап, отырықшылыққа бейімделсе де жылқы олар үшін тіршіліктің көзі болып қалғанын көреміз. Өмір салттарына байланысты жылқы концептісіне келгенде кейбір айырмашылық бар екенін байқауға болады.

Когнитивтік аспект тұрғысынан алғанда «жылқы» концептісі қазақ пен чуваш рухани-мәдени кеңістігінде ерекше орын иеленіп, өзінің көпқырлы мазмұнымен, күрделі менталдық құрылымымен ерекшеленіп тұрады. Асылында «жылқы» атауы жануардың атауын ғана білдіріп қоймай, сонымен қатар адамға тән жақсы қасиеттердің де ортақ сипатты жиынтығына айналғанын көреміз. Жылқы малы көшпелілер танымында ең көп ассоциативті өріске айналған жануар. Оның паремиологиялық деңгейін анықтау да маңызды болмақ.

Тіліміздің паремиологиялық аясындағы жылқы бейнесі мейлінше көпқатпарлы лингвомәдени мазмұнға ие болған ең маңызды концепт болып табылады. Оған қатысты айтылған мақал-мәтелдерде түліктің төресі, тіршіліктің көзі ретінде бейнеленген. Ол – мінсе көлік, ішсе сусын, жесе ас. Сонымен қатар жылқы көшпелілер үшін кеңістікті игерудің құралы. Олардың уақыт пен кеңістік туралы ұғымдары осы жылқының жүрісіне қатысты болды. Қазақ ауыз әдебиетінде жылқының жүрісіне қатысты сан алуан көркемдік кестелер бар. Соның бірі – «Тайбурылдың шабысы». Осы тұрғыдан алып қарар болсақ, қазақ тіліндегі паремиологиялық бірліктерді тақырыптық, мағыналық, семантикалық жағынан жүйелеудің маңызы зор болмақ. Ол жылқы контекстін тереңірек түсінуге мүмкіндік берері сөзсіз.

Сол сияқты чуваш тіліндегі паремиологиялық бірліктердегі жылқы бейнесі айрықша маңызға ие болғанымен, семантикалық қызметі тұрғысынан өзгеше сипатқа ие болған. Мысалы, чуваш ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдерде жылқы көбінесе шаруашылық құралы, тіршіліктің нышаны есебінде бейнеленген. Қысқасы, оларда жылқы концептісі қазақтардағыдай идеализацияланбаған, ассоциацияланбаған, еңбек пен шаруашылықтың деңгейінде қалған. Сол себепті де жылқы адам санасындағы еңбекқорлық пен төзімнің сипатын білдіретін прагматикалық мәнге ғана ие болған.

1) Жылқы – ең жақсы қасиеттің, тектіліктің символы. Қазақ қоғамында сонымен қатар ол байлықтың, абырой-даңқтың, сән-салтанаттың өлшемі болған. Ер жігіттің салтанатын, дәулетін осымен өлшеген. Жылқы – еркіндіктің, ұзақ сапардың белгісі. Сол себепті де қазақ, «Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп» деген мақал қалдырған. Сондай-ақ «Түйе – байлық, жылқы – мырзалық» деген мақал кең таралған. Мұнда түйе байлықтың белгісі (көп жүкті көтеріп, материалдық пайда береді) деп саналса, жылқы мырзалықтың, жомарттықтың нышаны делінеді, яғни жылқы ұстаған адам кең пейілді, мәрт келеді деп танылған. Тарихи тұрғыда жылқы қазақ қоғамында айырбас құны ретінде де жүрді, үлкен әлеуметтік-экономикалық рөл атқарды. Мысалы, «Ердің құны жүз жылқы, қатыны (әйелі) мың жылқы» деп, ер адамның құны белгілі бір жылқы санына тең, ал қалыңмал құны мың жылқыға дейін баратынын әсірелеп көрсеткен мақал бар. Бұл қазақ қоғамында жылқының бағалы «валюта» болғанын аңғартады. Сондай-ақ тұлпар міну – салтанат пен абырой, атақ мәселесі: «Аттың атағы – жер жарған, түйенің табаны – жер жарған» деп, жүйрік ат бүкіл елге танымал ететінін меңзейді.

Чуваш паремиологиясында да жылқы әлеуметтік ресурс әрі мәртебелік капитал ретінде көрінеді. Мәселен, «*Сёр лашалли кұлсе тухса кайнй, нёр лашалли тёрса юлнй*» («жүз жылқысы бар ат жегіп кетеді, бір жылқысы бар орнында қалады») мақалында жылқы саны адамның әлеуметтік мүмкіндігін айқындайтын фактор ретінде бейнеленеді. «*Юланна сұран нёр тан мар*» («жаяу мен атты тең емес») деген мәтелде жылқы әлеуметтік мобильділіктің көрсеткіші ретінде концептуалданады. «*Лашасёр алсёрна нёрех*» («атсыз – қолсызбен тең») деген паремия жылқының өмірлік қажеттілік дәрежесіне көтерілгенін білдіреді. Сонымен бірге «*Ике ёнё – нёр лаша*» («екі сиыр – бір атқа тең») мақалында жылқы экономикалық құндылықтың өлшем бірлігі ретінде көрінеді. «*Ут тавать те, вайёр сует*» («жылқы еңбек етеді, өгіз жейді») деген мәтелде де жылқы еңбек пен табыс көзі ретінде бағаланады.

2) Жылқы – ер-азаматтың серігі, еркіндік пен қуат көзі. Қазақ түсінігінде жылқы ердің қанаты деп бағаланады. «Ат – ердің қанаты» деген қысқа мақал – осының айғағы. Жауынгер көшпелі өмірде жылқысыз ердің күні жоқ, ат мінген адам қашан да жылдам, қайратты. Сол себепті жылқы ер адамның ең жақын жолдасы саналған. Мақалдар: «Жылқылы елде – жау көп, қойлы елде – дау

көп» деген сөзде жылқысы көп ел жаугершілікте алда жүрегінін, жауын тартатынын көрсетсе, «Жылқы – ердің қанаты, әйел – үйдің қазынасы» деген тіркестер де кездеседі (бұл жерде жылқы ер азамат үшін қанатымен тең, ал әйел үй шаруасының берекесі деп қосарлана айтылады). Ер азамат тұлпар мініп, кең далада құйғытып шабу арқылы өзін еркін сезінген, сондықтан жылқы образы бостандық ұғымымен де астасады. Халық түсінігінде атты адам жаяудан әрдайым үстем болған: «Жаяудың шаңы шықпас, жалдының (аттының) даңқы шықпас» деп, ат мінген адамның даңқы шығатынын бейнелейді. Тағы бір чуваш мақалында айтылатын «*Юланна дуран пёр тан мар*» («жаяу мен атты тең емес») деген ұғым қазақта да бар, «Аттылының аяғы жеткен жерге, жаяудың көзі жетеді» тәрізді сөздер арқылы берілген (мағынасы: аттылы жердің алыстығын істейді, жаяу тек көз ұшындағымен шектеледі). Осы сияқты көптеген паремиялар жылқыны еркін қозғалыс пен қуаттың көзі ретінде көрсетеді. Жылқы мінген қазақ өзін әлемді шарлауға дайын сезінген, сондықтан «Атың барда жер таны, желіп жүріп» деген мәтел кең таралған – астында аты бар адам алыс жерлерді аралап, көпті көр дейді.

Чуваш паремиологиясында да жылқы ер адамның тірегі әрі артықшылық көрсеткіші ретінде бейнеленеді. Мысалы, «*Пёччен пуç пёшкёнет, ушкән йыш ут утланать*» («жалғыз адам басын төмен салады, ал артельге кірген адам атқа мінеді») мәтелінде жылқы ер азаматтың беделі мен мүмкіндігін арттыратын фактор ретінде танылады. «*Лашасёр алсёрна пёрех*» («атсыз – қолсызбен тең») деген паремия жылқыны өмірлік тірек дәрежесіне көтереді. Сонымен қатар «*Ырут утланакан ырман...*» («жақсы атқа мінген шаршамайды») мақалында жылқы қуат пен төзімділіктің символы ретінде концептуалданады.

Чуваш мәтіндерінде жылқының ер азамат өміріндегі орны гендерлік-әлеуметтік параллельдер арқылы да көрініс табады: «*Сұрен лаша сұл сүти, савна әрәм чун сүти*» («жүйрік ат – жолдың көркі, сүйікті әйел – өмірдің көркі») мақалында жылқы ер адамның жолдағы абыройын айқындайтын бейне ретінде беріледі. «*Илнё лаша йнмасан – сұлталайка хуйхә...*» («жақсы ат алмау – бір жылдық қайғы») мәтелі жылқы таңдаудың әлеуметтік маңызын көрсетеді.

Екі мәдениетте де «аттылы – жаяу» оппозициясы әлеуметтік мобильділік пен еркіндік ұғымымен астасады. Қазақта «Аттылының аяғы жеткен жерге, жаяудың көзі жетеді» деген маз-

мұндағы мақалдар кездесе, чувашта бұл идея жоғарыда аталған «*Юланна дуран пёр тан мар*» формуласы арқылы беріледі.

Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, екі тілдегі паремиялар жылқыны ер азаматтың қуаты, серігі және әлеуметтік басымдығының көрсеткіші ретінде ортақ концептуалдық модельде бейнелейді. Алайда қазақ мәтіндерінде жылқы көбіне романтикалық-эпикалық сипатта (батырлық, серілік, еркіндік) көрінсе, чуваш мақалдарында оның функциясы өмірлік тірек, практикалық артықшылық, әлеуметтік ресурс ретінде нақтылау сипатында беріледі. Дегенмен екі мәдениетте де жылқы – ер азаматтың болмысын толықтыратын, оның кеңістіктегі және қоғамдағы орнын айқындайтын мәдени архетип болып табылады.

3) Жылқының еті мен сүті, пайдалылығы туралы мақалдар. Қазақ үшін жылқы – тек күш-қуат немесе көлік емес, сонымен бірге бағалы тағам көзі. Қымыз – халқымыздың сүйікті сусыны, жылқы еті – дастарқан берекесі. Паремияларда бұл да көрініс тапқан: «Жылқының сүті – шекер, еті – бал» деп, бие сүті мен жылқы етінің дәмділігі, адамның қуатын арттыратын қасиеті мадақталады. Сонымен қатар жылқыны күтіп-баптау дәстүрі де назардан тыс қалмаған: «Жылқы бақсаң, құрығыңды сайла, егін ексең, ұрығыңды сайла» дейді қазақ. Мұның мағынасы – егер жылқылы болғың келсе, жылқы ұстаудың қиындықтарына дайын бол, жақсы құрық-жабдықтарыңды әзірле; яғни жылқы бағу оңай шаруа емес, оның талап-шарты бар. Басқа бір нақылда «Жылқыны күнде мінсең – есек, айында мінсең – ат, жылында мінсең – тұлпар» делінеді. Бұл жылқы малы тынымсыз міністен қалжырайтынын, одан өнім болмайтынын, ал арасында тынығуына мүмкіндік берсең, нағыз тұлпар шығатынын ұғындырады. Осыдан қазақ жылқыны бекерге шаршатпауды, бабымен пайдалануды күп көргені байқалады.

Чуваш паремиологиясында жылқының тағамдық және шаруашылықтық пайдалылығы әсіресе еңбек өнімділігімен байланыста көрінеді. Мысалы, «*Сиекен лаша сұлтан юлмасть*» – «Тоқ ат жолда қалмайды». Бұл паремия азықтандыру мен еңбек нәтижесінің тікелей тәуелділігін көрсетеді. Сол сияқты «*Ситернё ййёр ситмёл пйт туртнә, ситермен лаша сирём пйт анчах туртнә*» – «Тоқ жылқы жетпіс пұт тартады, аш жылқы жиырма пұт қана тартады» деген мәтел жылқының физикалық қуаты оның күтіміне тәуелді екенін айқындайды.

«*Ут усрама утә кирлё*» – «Жылқы ұстау үшін шөп керек» және «*Суркуне лаша усракан*

суран юлман» – «Жылқыны көктемге дейін асыраған жаяу қалмайды» мақалдары чуваш мәдениетінде жылқы концептісінің азық, еңбек және ұзақ мерзімді жоспарлау семаларымен байланысын көрсетеді. Сонымен бірге жылқы еңбегінің әлеуметтік маңызы ерекше аталады: «*Лашиа хйй синё хаклӑх кӑна ёҫлемест*» – «Жылқы тек өзі үшін жұмыс істемейді». Бұл паремияда жылқы адамның әл-ауқатын қамтамасыз ететін экономикалық агент ретінде танылады. «*Ут туртмасан урапа кусмась*» – «Ат тартпаса, арба жүрмейді» деген мәтел еңбек қозғалысының негізгі қозғаушысы жылқы екенін білдіреді.

Жылқыны дұрыс пайдалану, шамадан тыс жүктеме салмау идеясы да чуваш мәтіндерінде бар: «*Шухӑ лашиа час ватӑлатӑ*» – «Шапшаң ат тез қартайды»; «*Ывӑннӑ лашиашӑн улӑм пӑрчи те йывӑр*» – «Шаршаған атқа бір тал шөп те ауыр». Бұл қазақтың «жылқыны жылына мінсең – тұлпар» концептісімен мағыналас: екі мәдениет те еңбек пен демалыстың тепе-теңдігін құндылық ретінде таниды.

Қазақ мәтіндерінде жылқының ет-сүттік құндылығы поэтикалық-мадақтық сипатта көрінсе, чуваш паремияларында акцент көбіне экономикалық-функционалдық сипатқа ауысады. Қазақ мәдениетінде қымыз бен жылқы еті ұлттық тағамдық символға айналса, чуваш мәтіндерінде басты назар жылқының «еңбекке жарамдылығы», «күтімге тәуелділігі», «өнімділік коэффициенті» секілді прагматикалық белгілерге түседі.

Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, екі тілде де жылқы – «пайда», «қуат», «береке» концептілерімен байланысты. Алайда қазақ дүниетанымында ол әрі тағамдық-символдық, әрі романтикалық-мәдени сипат алса, чуваш мәдениетінде жылқы ең алдымен еңбек өнімділігінің индикаторы және шаруашылық ресурсы ретінде объективтенеді.

4) Жылқы мінезі және адам мінезі. Қазақ және чуваш паремиялогиясында «жылқы» концептісі адамның мінез-құлқын, моральдық қасиеттерін бейнелеудің когнитивтік моделі ретінде қызмет атқарады. Жылқы мен адам табиғатының параллель берілуі екі халықта да кең таралған. Қазақ тіліндегі «Жақсы ат сүрінер, жақсы адам жаңылар» деген мәтел адам қателігінің табиғилығын жылқы мінезімен салыстыру арқылы түсіндіреді. Дәл осы мазмұн чуваш паремиялогиясында «*Ыра ут та такӑнатӑ, ыра ҫын та йӑншатӑ*» – «Жақсы ат та шалынады, жақсы адам да жаңылады» формасында көрініс табады. Бұл паремиялар кемелдік абсолют емес,

қателесу – адамдық және табиғи құбылыс деген ортақ философиялық пайымды білдіреді.

Жақсы мен жаман мінезді айыру да жылқы образы арқылы модельденеді. Чуваш мәтелінде «*Ыр лашиана пӑр пушӑ, ыра ҫынна пӑр ҫӑмах*» – «Жақсы атқа бір қамшы, жақсы адамға бір сөз» делінсе, қазақ дүниетанымында да жақсы адам аз сөзбен ұғар деген түсінік бар. Бұл жерде жылқы мен адам «тәрбиелік қабылдағыштық» семасы арқылы салыстырылады. Ал «*Лайӑх лашиана пӑр пушӑ, чуман лашиана ҫӑр пушӑ*» – «Жақсы атқа бір қамшы, жалқау атқа жүз қамшы» мәтелі мінез ерекшелігін еңбекқорлық пен салғырттық категорияларымен байланыстырады.

Қазақ тіліндегі «Кісі аласы – ішінде, жылқы аласы – сыртында» мәтелі адамның ішкі ниеті мен сыртқы көрінісінің айырмашылығын жылқының физикалық болмысымен салыстырады. Осы мазмұндас мақал чуваштарда да бар. Онда былай делінген: «*Тихӑн тирӑ таса мар, ҫыннан ҫӑварӑ таса мар*». Мұның мағынасы былай болып шығады: «Құлынның терісі ала, адамның аузы ала». Осындағы «ала» сөзі әуелі түсті білдірсе, екінші жағынан адам бойындағы жаман қасиетті меңзейді. Мұны антропоморфтық проекция деп атаймыз.

Байырғы көшпелі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар жылқыға қатысты болып отырған. Ел ішіндегі барымта-қарымта да тікелей жылқыға қатысты. Алалы жылқы айдаған адам – ең бай адам саналған. «Үйір-үйір жылқысын үйездетіп қойғызған» деген сөз соның белгісі. «Жылқы – түлік патшасы» дегенде оның даңқы мен салтанатын асырып айтып отыр. Ол қашанда мәртебелі. Чуваш паремиялогиялық қорында «*Ыра ут хушка, ыра ҫын кукиа пулатӑ*» деген мақал бар. Ол қазақ тілінде «Жақсы ат қасқа болады, жақсы адам басқа болады» дегенге саяды. Сол сияқты қазақта «Қасқадан қасқа тумаса да, төбелі туады» деген мәтел бар. Осы «қасқа» ұғымы сыртқы пішін арқылы ішкі мазмұнды ашудың негізі болып шығады. Чуваштардағы «*Пулас тиха кам тытмӑ*» мәтелінің қазақша баламасы «Жақсы ат құлынында танылады». Түбі бірі, мағынасы ұқсас.

Тағы бір ерекшелігі чуваштардағы жылқы бейнесі адамның мінезін, болмысын, сөйлеу деңгейін білдіруге де қолданылады. Мысалы: «*Ут вӑҫернет – тыттаратӑ, сӑмах вӑҫернет – тыттармась*» – «Атың қашса ұстайсың, сөз қашса ұстай алмайсың» немесе «*Утӑн чӑлтӑрӑ пур, сӑмахӑн чӑлтӑрӑ ҫук*» – «Аттың ноқтасы бар, сөздің ноқтасы жоқ» деген сияқты. Сөзге қатысы

қазақтарда небір ғажап тіркестер бар. Айталық, «Айтқан сөз атылған оқпен бірдей», «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді», «Жақсы сөз – жарым ырыс», т.б.

Чуваш тіліндегі қолданыстарда отбасылық қатынасқа негізделген гендерлік-әлеуметтік параллельдер де ұшырасады. Мысалы: «*Илнӗ лаша ӑнмасаҥ – сұлталӑка хуйхӑ; илнӗ арӑм ӑнмасаҥ – ӗмӗрлӗхе хуйхӑ*». Мұның мағынасы: «Жаман атың – бір жылдық қайғы, жаман қатын – өмірлік қайғы». Жылқы мен әйелді, қызды теңей, құбылта бейнелей беру қазақта мейлінше мол. Қазақ ер жігіттің мұратқа жетуін жақсы атпен, жақсы жармен байланыстырған. «Жүйрік ат, ақылды әйел – ер қайраты» деген Ақан сері. «Әсемсіп сұлу аттай мойнын бұрған» деген тамаша теңеулі метафора сұлу қызға қатысты айтылған.

Салыстыра келгенде қазақ пен чуваштың паремиологиясындағы жылқы бейнесі адамның мінез-құлқын берудің семиотикасына айналғанын көреміз.

Қазақ фольклорындағы жылқы образы көп жағдайда романтикалық сипаттағы идеализацияланған мазмұнда көрінеді, оның эстетикалық реңі басым, философиялық астары терең болады. Ал чуваштардағы жылқы бейнесі негізінде дидактикалық сарындағы тұрмыстық-әлеуметтік құрал санатында көрініс табады. Дей тұрғанмен де екі халықтың тілдік қолданысындағы жылқы – адамтанудың пәндік құралы болып сақталып қалған.

5) Қазақ паремиологиясында жылқыға қатысты мақал-мәтелдердің елеулі бөлігі тұрмыстық, прагматикалық сипатта болып, адамның сыртқы ортаны бақылау, бағалау тәжірибесіне айналып отырған. Мысалы, қазақтағы «Ат иесіне тартады», «Ат жақсысын кермеде таны...» деген сөздер адам болмысындағы мінез-құлықты меңзегені. Сол сияқты, «Жылқылы елге қоныс кең» дегенде көшпелі тұрмыстың нақты суреті, бейнесі айқындалып тұр. Қазақта жиі қолданылатын «Ат тұяғын тай басар» деген мәтел ұрпақ сабақтастығын, өмір жалғастығын білдіреді. Сондай-ақ «Құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ» дегендегі эмпирикалық таным «бар мен жоқ» деген тел ұғымның философиялық мәнін ашуға қатысты болады.

Чуваштардағы паремиологиялық қор аз емес, соның біршамасы жылқыға байланысты болып келеді.

Мысалы, «*Ут усрама ута кирлӗ*» – «Жылқы ұстау үшін шөп керек» мәтелі алдын ала дайындық қағидасын бекітеді. «*Суркунне лаша*

усракан дуран юлман» – «Жылқыны көктемге дейін асыраған жаяу қалмайды» мақалында ұзақ мерзімді жоспарлау семасы айқын көрінеді. «*Сиекен лаша дултан юлмасть*» – «Тоқ ат жолда қалдырмайды» және «*Ситернӗ ӑйӑр дитмӗл пат туртна, дитермен лаша дирӗм пат анчах туртна*» – «Тоқ құлын 70 пұт тартады, аш құлын 20 пұт қана тартады» мақалдары азық пен өнімділік арасындағы себеп-салдарлық байланысты көрсетеді. Сонымен қатар, «*Ут туртмасаҥ урапа кусмасть*» – «Ат тартпаса, арба жүрмейді» мәтелі қозғалыстың негізгі қозғаушы күші ретінде жылқыны танытады. «*Утна кура урапа ту*» – «Атқа қарап арба жаса» деген паремия құрал мен ресурс сәйкестігі принципі білдіреді. «*Ыванна лашашан улам пӗрчи те йывар*» – «Шаршаған атқа бір тал шөп те ауыр»; «*Шуха лаша час ваталать*» – «Шапшаң ат тез қартаяды»; «*Юрланипе юпах тиха самартайман*» – «Әнмен құлынды тойдыра алмайсың» деген мақалдарда тұрмыстық тәжірибе мен сақтық нормасы да байқалады. Бұл мәтелдер еңбек пен демалыс, күш пен ресурс, нәтиже мен себеп арасындағы рационалды тепе-теңдікті көрсетеді.

Қазақ мәтіндерінде тұрмыстық байқаулар романтикалық-аксиологиялық бояумен астасып, жылқы көбіне батырлық, береке, кеңістік символы ретінде көрінеді. Ал чуваш мақалдарында жылқы утилитарлық-функционалдық қырынан көбірек беріледі: азық, жүк, еңбек, жоспарлау, өнімділік мәселелері нақты формулалармен айтылады.

Демек, екі мәдениетте де жылқы концептісі эмпирикалық білімнің, шаруашылық тәжірибенің және күнделікті өмір философиясының тілдік репрезентациясы болып табылады. Бірақ қазақ дүниетанымында бұл образ көбіне поэтикалық-символдық биіктікке көтерілсе, чуваш мәтіндерінде ол практикалық рационализм мен еңбек нормасының көрсеткіші ретінде айқын көрінеді.

Жалпы алғанда, қазақ және чуваш паремиологиялық жүйелеріндегі жылқы бейнесі бір мезгілде әрі ортақ түркілік дүниетанымға тән мазмұндарды, әрі әр халықтың шаруашылық-мәдени ерекшеліктерінен туындайтын прагматикалық қырларды қамтиды. Бір жағынан, жылқы екі мәдениетте де достық, күш-қуат және дәулет ұғымдарымен астасқан әмбебап символ ретінде танылады. Екінші жағынан, чуваш мақал-мәтелдерінде жылқы бейнесі көбіне нақты еңбек үдерісімен, тұрмыстық тәжірибемен байланысты сипатталып, әсірелеуден гөрі оның шаруашылықтағы нақты қызметі басым көрсеті-

леді. Соған қарамастан, чуваш дүниетанымында да жылқы тек утилитарлық мәнмен шектелмей, рухани серік ретінде бағаланатыны паремиологиялық материалдардан айқын байқалады.

Ең алдымен, қазақ және чуваш тілдеріндегі «жылқы» концептісінің мәдени кодында айтарлықтай ұқсастық бар екенін атап өту қажет. Бұл ортақтық екі халықтың тарихи дамуында жауынгерлік рух осы жылқы түлігіне қатысты түсіндіріледі, яғни ол жалпы түркілік мәдениеттің көшпелі кезеңімен тығыз байланысты деген сөз. Басы ашық бір нәрсе бар, ол – жылқының ер жігіттің сенімді серігі екендігі. Бұл концепті екі халықта бірдей сақталған. «Ер қанатына» айналған жылқы концептуалды мағынасында екі мәнді айқындайды: біріншіден, ол азаматтың міндетін ең сенімді көлігі, кеңістікті игеретін мүмкіндігі болса, екіншіден, көңілін өсіріп, көкке самғататын, желік бітіретін рухани күші, яғни көңіл пырағы. Адам мен жылқыны қатар қойып салыстыра тенеу, меңзеу, түспалдау басым. Мысалы, «Ат тұяғынан, адам тілінен сүрінеді» деген мақалдағы мағына осының дәлелі болады.

Қазақ үшін жылқының саны мен сапасы бірдей деңгейде бағаланады. Олар сапаға да ерекше мән берген. Қазақтың жүйрік пен жорғаны баптауы осыны білдіреді. Сондай-ақ оларда жылқының атаулы түрлері көп. Мысалы: *тұлпар, жүйрік, арғымақ, пырақ, сәйгүлік* т.б. Бір сөзбен айтқанда жылқы бейнесіне поэтикалық-эстетикалық мән үстеген халықпыз. Жылқы бейнесі – тұрмыстық деңгейден көтеріліп, рухани-мәдени образға айналғанын көреміз. Чуваштар да жылқыны қадірлі мал деп есептеген. Рас, чуваш халқында сиыр, өгіз де шаруашылықта зор орын алды, сондықтан кей мақалдарда жылқы солармен салыстырылып отырады (мысалы, «Екі сиыр – бір ат» деген сияқты астарлы сөздер). Дегенмен, екі мәдениетте де «патша» немесе «төре» малы жылқы деп танылғанын көреміз. Қазақтың «Жылқы – малдың патшасы» дегені және чуваш мәдениетіндегі жылқыны байлық нышаны көруі – соның айғағы. Түркі халықтарының көбі жылқыны ерекше қастерлегені тарихтан белгілі, бұл ортақ мифологиялық түсініктер (жылқы киесі туралы) мен шаруашылық өмірдің ұқсастығынан туындайды.

Сонымен қатар қазақ пен чуваш мақалдары дидактикалық-философиялық тұрғыда да үндесіп жатады. Екеуінде де жылқы образы жақсы мен жаманды, ақылдылық пен аңғырттықты салыстыру құралы. Мәселен, чуваштың «Ат қашса ұстайсың, сөз қашса ұстай алмайсың» дегені қазақтағы «Өткір сөз – серіппе, босаса қайтып

жинай алмайсың» дегенмен мазмұндас (дәл осындай мәтел қазақта болмаса да, «қашқан сөз – қайтып қақпанға түспес» деген мағынада айтылатын нақылдар бар). Бұл жерде ат – ұстай алатын нақты дүние, ал тілден шыққан сөз – көзге көрінбес, қайта қайтару қиын нәрсе деп салыстыру екі тілде де ұқсас пайымға негізделген. Осы сияқты ұқсастықтар қатары көп: «Жалқаудың дорбасы тесік» (чуваштар), қазақта «Жалқауда бітпес жұмыс, атасында таусылмас мұра» дегендей, жылқы тура болмаса да, еңбекке шақыру бағытында екі халық ойы бір жерден шығады (чувашта жалқауды жылқыға телімейді, бірақ жұмысты жылқымен байланыстырып айтады – «шалқақнан жатсаң, астындағы атың арықтайды» деген сарында).

Дегенмен, екі халықтың жылқы жөніндегі паремиологиясында өмір салты мен географиялық ортаның әсерінен туған айтарлықтай өзгешеліктер де бар. Ең бастысы – көшпелі және отырықшы мәдениет айырмашылығы. Қазақ мақалдарында жылқы көбінесе «ер-азаматтың айнасы», «ата-бабадан қалған мирас» ретінде жырланса, чуваш мақалдары «еңбек көлігі, күшкөлік» қырын көп қозғайды. Мәселен, қазақтар жылқыны қысқы тебінде өз тамағын табады деп дәріптеген, сол себепті мақалдарында шөп дайындау турасында айтылмайды. Ал чуваштарда «Жылқың болсын десең, шөбінді сайла», «Жылқыны қыстай бақ, сонда өзің жаяу қалмайсың» деген нақылдар барынша практикалық ақыл ретінде берілген. Бұл – қоныстанған ортаның тікелей әсері: чуваш жерінде қысқы жем-шөп әзірлемесе, мал қыстан шықпайды; қазақтың кең даласында жылқы көбіне жайылымда тебіндеп күнелткен.

Екіншіден, чуваш мақалдарында егіншілік пен шаруашылық көріністері көбірек. Олар жылқыны көбіне өгіз, сиырмен салыстырады, жүк тарту, жер жырту жұмыстарына қатысты айтады. Мысалы, «Ат егінді егеді, өгіз өнімін жейді» дегенге саятынын байқауға болатын «Ут таватё, вакәг ёсене» деген мақал бар (мағынасы: «егістікті жыртатын ат, бірақ дайын астықты жеп семіретіні – өгіз», яғни біреу еңбектенеді, біреу жемісін көреді деген ишара). Қазақ жұртында жегін жұмысына негізінен түйе мен өгіз қолданылған, жылқы сирек соқаға жегілген; сондықтан қазақ мақалдарында бұлай анық ажыратылмайды. Бұл айырмашылық чуваш мақалдарының аграрлық бағыттылығын көрсетеді. Қазақтар үшін жылқы – көлік, жауынгерге мінген ат, ал жүк пен егіске түйе / өгіз көп жегілген. Ал чуваштарда ат арба – негізгі көлік, соқаға да

ат пайдаланған. Осылайша шаруашылық функцияларындағы айырма тілдік материалға әсер еткен.

Үшіншіден, құндылықты акценттерде айырмашылық байқалады. Қазақ мәдениетінде жылқы киелі түлік дәрежесінде көрінеді: кей сөздерде «жылқы малына тіл тигізуге болмайды», «ер қанаты» деп ерекше құрметтеледі. Мақалдарда жылқы туралы орынсыз, келемеж не тым жағымсыз сарын кездеспейді. Ал чуваш мақалдарында жылқы кейде сын объектісі де бола алады: мысалы, «Ашулы ат арық шөп санайды, аш адам қол жалайды» деген мағынадағы сөз бар (жылқы ашыққанда қандай болатынын айтып, оны адамға шендестіреді). Чуваш халқында жылқы культі қазақтардағыдай аса биік дәрежеге көтерілмеуі мүмкін – мұнда христиан дінінің әсері де бар. Дегенмен, чуваштар да жылқыны сүйіспеншілікпен атайтынын көптеген мақалда кездесетін «біздің сүйікті ат», «ердің көркі» деген тіркестерден аңғаруға болады.

Тағы бір айырмашылық – гендерлік және әлеуметтік астар. Жоғарыда келтіргеніміздей, чуваш паремияларында «атты жүгендеу – әйелді үйлендіру» сияқты салыстырулар көрінді. Қазақ мақалдарында жылқы мен әйелді тікелей салыстыратын мұндай үлгі жоқ. Бұл чуваш қоғамында патриархалды көзқарастың мақалға ашық түсуінің мысалы деуге болады. Қазақтар әйелге қатысты бөлек, жылқыға қатысты бөлек нақыл айтқан, араластырмаған. Сол арқылы әр мәдениетте мақалға айналған образдар да өзіндік ерекшелікке ие болып отыр.

Сонымен, салыстырмалы талдау көрсеткендей, қазақ және чуваш халықтарының жылқы туралы түсініктерінде көбіне ұқсастықтар басым, айырмашылықтар көбіне тұрмыс-салт сипатына қатысты. Екі халық та жылқыны мәдени код ретінде пайдаланған: ерлік, достық, адалдық, байлық символы.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазақ пен чуваш халықтарының көркемдік-тілдік танымындағы «жылқы» концептісінің мәнін айқындайтын лингвомәдени мазмұндарды ашуға, олардың тарихи-мәдени орындарын белгілеуге тырыстық. Зерттеу жұмысы барысында аталмыш халықтардың этномәдени, тілдік концептісінде жылқы түлігіне айрықша орын бергендігін байқадық, олардың ауыз әдебиеті үлгілерінде жылқыға қатысты алуан түрлі, бай паремиологиялық тілдік бірліктердің қалыптасқанын көрдік. Жылқы қазақ үшін

бейбіт күнде салтанат пен байлықтың символы, жаугершілікте таяныш пен тірегі болды. Екі халық та бірдей жылқының даңқын асқақтатып, тілдің ең бір шұрайлысын соған арнаған. Олар жылқысыз өмір-тіршілікті елесте де алмаған.

Зерттеудің басты тұжырымы – «жылқы» концептісі қазақ және чуваш мәдениеттерінде бірқатар ортақ когнитивтік өзекке ие болғанымен, оның ұлттық нақыштағы ерекшеліктері айқын. Ортақ өзекке жылқының тұлпарлық (шабандоздық), қанаттық (еркіндік), дос-жолдастық мағыналары, байлық пен абыройдың көрсеткіші ретіндегі түсініктер жатады. Ал айырмашылықтарына әлеуметтік-қолданбалы реңктер кіреді: қазақтар үшін жылқы – әріден киелі, сакралды деңгейдегі бейне (мысалы, Қамбар ата пірі, жылқының адам мінезімен сипатталуы – «жылқы мінезді»), ал чуваштар үшін жылқы – қасиетті саналғанмен, негізінен еңбектің көзі, күнкөрістің тірегі (мысалы, жылқыны жақсы күту қажеттігін баса айтуы).

Осыған байланысты, қазақ мақалдары көбінесе астарлы, бейнелі, мадақтау, идеализация тұрғысында келеді де, чуваш мақалдары нақтылы кеңес, сақтандыру, тәлімгерлік сарынын жиірек білдіреді. Дегенмен, екі халықтың да паремиологиялық жүйесінде жылқыға қатысты адамгершілік, парасат қағидалары ұштасып отырады: еңбексүйгіш болу, уәдеге берік болу (аттың жемін беру – сертте тұруға балама), өсіп келе жатқан ұрпаққа жан-жақты қамқорлық (құлынды баптау – баланы тәрбиелеу параллелі) секілді моралдық ұғымдар ұқсас бейнеленген.

Қорыта айтқанда, «жылқы» концептісі – қазақ пен чуваштың мәдени санасында терең орныққан, тілдік шығармашылығында (мақал-мәтелдерінде) айшықты із қалдырған әмбебап мәнді ұғым. Бұл концептінің паремиологиядағы көріністерін талдау арқылы екі халықтың дүниетанымындағы жақындық пен ерекшеліктерді байқадық. Зерттеу мақсатына сай, жылқыға қатысты тұрақты тіркестер мен мақалдардағы когнитивтік құрылымдар (метафоралық бейнелер, символдық мағыналар) және аксиологиялық бағдарлар (құндылықты бағалау: мақтау немесе сынау, аңсау немесе сақтандыру) анықталды. Қазақ тілінде жылқы ұғымы көбінесе оң аксиологиялық бағаға ие – ұлттық мәдениетте ол «қасиетті» түс санатына жақын. Чуваш тілінде де жылқы туралы жағымды пікір басым, дегенмен кейде сын көзбен қарау (аттың асыра жұмысқа жегілуі, арықтығы, т.б. арқылы адамға телу) ұшырасады. Бұл айырма екі халықтың

өмір тәжірибесіндегі нюанстардан туындағанмен, түптеп келгенде жылқыға деген сүйіспеншілік екеуінде де ортақ екенін көреміз.

Зерттеу нәтижелері қазақ және чуваш этностарының мәдениетінде жылқы концептісінің маңызды рөл атқарғанын тағы бір мәрте дәлелдеп отыр. Мақал-мәтелдер – сол рөлдің тілдегі көрінісі, халық жадының айнасы. Екі халық та «жылқы – адамның қанаты, байлығы және айнасы» деген ортақ идеяны сан ғасырлық тәжірибемен бекіткен.

Зерттеу қазақ және чуваш тілдеріндегі «жылқы» концептісін ғаламның түркі тілдік бейнесінің мәдени маңызды фрагментінің репрезентаты ретінде кешенді түрде қайта құруға және салыстырмалы талдауға бағытталды. Жұмыста концепт ұғымдық, бейнелі, символдық және аксиологиялық компоненттерді қамтитын және паремиологиялық құралдар жүйесінде жүзеге асырылатын көп деңгейлі менталды құрылым ретінде қарастырылды. Зерттеу нәтижелері қазақ және чуваш тілдік жүйелерінде «жылқы» концептісінің түп-төркіні ортақ түркілік тарихи-мәдени негізге барып тірелетінін айқындады. Бұл ортақ өзек ежелгі көшпелі өмір салтымен сабақтасып жатқаны белгілі. Ол ең әуеліде көлік қызметін атқарған материалдық игілік болып табылса, екіншіден, әлеуметтік мәртебе мен әскери әлеуетті айқындайтын категория. Жылқыға қатысты айтылатын ұғымдар жүйесіндегі инварианттылық екі халыққа да тән.

Қоғамдық-тарихи дамуға байланысты кейбір ұғымдар мен атаулы сөздердің мәнін өзгертуіне байланысты аталмыш концептінің құрылымдық жүйесі мен семантикалық мазмұнында да интерпретациялық құбылыстар пайда болған. Салт пен санадағы жаңа деңгейлер тілге де әсер еткен. Өзге түркі тілдерімен салыстырғанда қазақтардағы паремиологиялық бірліктер сапалық жағынан жетіліп, функционалды реңктері айқындалып, символдық мәнге ие болып, мүмкіндігінше құбылыстық сипатқа сай метафораланғанын байқауға болады.

Ал чуваштарда кейінгі замандардағы салт пен санаға байланысты өзгеріп, қысқарып, ық-

шамдалғанын байқасақ та, түркілік мифология мен фольклордағы басты мазмұнын сақтап қалғанын айтқымыз келеді. Мұндай семантикалық өзгешеліктер тілдік танымдағы аксиологиялық басымдықтардың құрылымы мен құралдарына байланысты болып келеді екен.

Зерттеу қорытындылары салыстырмалы түркі концептологиясының дамуына үлес қосып, туыстас тілдердегі мәдени мәні жоғары концептілердің эволюциясын түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге алынған нәтижелер ғаламның тілдік бейнесін зерделеудің теориялық негіздерін кеңейтіп, туыстас тілдердегі концептуалдық жүйелер тарихи сабақтастықты сақтай отырып, шынайы болмысты ұлттық ерекшелік тұрғысынан категориялаудың өзіндік үлгілерін қалыптастыратынын көрсетеді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар осы мақалаға қатысты мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Мақала авторларының үлесі

Каспакбаева Гульзат Бейсенғалиевна зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, материалдарды жинақтау, қазақ және чуваш паремиологиялық деректеріне салыстырмалы талдау жүргізу, мақаланың негізгі мәтінін жазу және қорытындыларды жүйелеу жұмыстарын атқарды. Баят Ерболат – зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастыру, ғылыми әдебиеттерді талдау, концептологиялық бағыттағы деректерді саралау және мәтінді ғылыми редакциялау жұмыстарына қатысты. Исмайлова Нургүль Ахметхановна – тілдік материалдарды іріктеу, паремиологиялық бірліктердің семантикалық және лингвомәдени талдауын жүргізу, нәтижелерді интерпретациялау жұмыстарына үлес қосты. Куралова Алтынкыз Токтаровна – зерттеу материалдарын жүйелеу, мақаланың құрылымын рәсімдеу, дереккөздерді реттеу және техникалық редакциялау жұмыстарын орындады.

Әдебиеттер

- Рубцова, Е. В., & Девдариани, Н. В. (2021). Концепт как многокомпонентный феномен. *Балтийский гуманитарный журнал*, 10(3[36]). <https://cyberleninka.ru/article/n/kontsept-kak-mnogokomponentnyy-fenomen>
- Балмагамбетова, Ж. Т., & Нурғалиева, А. А. (2016). Понятие концепта в лингвокогнитологии и лингвокультурологии. В *Актуальные проблемы филологии: Материалы II Международной научной конференции* (с. 83–87). Новация. <https://moluch.ru/conf/phil/archive/177/9592>
- Ильина, Е. В. (2015). Языковая картина мира как совокупность концептосфер. *Филология и литературоведение*, 12. <https://philology.snauka.ru/2015/12/1801>

- Кубрякова, Е. С. (2004). *Концепт как базовая единица сознания*. Наука.
- Карасик, В. И. (2021). *Языковой круг: Личность, концепты, дискурс*. Перемена.
- Попова, З. Д., & Стернин, И. А. (2020). *Когнитивная лингвистика*. Воронеж.
- Воркачѳ, С. Г. (2020). *Лингвокультурология: Аксиологический подход*. Москва.
- Исаева, Ж. И. (2014). Ұлттық паремиологиядағы «тағдыр» концептісі. *ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*, 3(149), 97-102.
- Байсыдық, И. Б., Нұрбаева, А. М., & Жетібай, Р. К. (2025). Когнитивные и лингвокультурные параметры концепта «гость/қонақ» в русском и казахском языках. *ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*, 199(3), 30–41. <https://doi.org/10.26577/EJPh202519933>
- Қортабаева, Г. Қ., & Құдайбергенова, А. Н. (2019). Түркі тілдеріндегі «жылқы» атауы: этимологиясы және концептілік мазмұны. *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы*, 4(70).
- Күсайынова, А. Б. (2023). Қазақ және түркі тілдеріндегі жылқыға қатысты зоонимдік лексика. В *Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері: Халықаралық конференция материалдары*. Астана.
- Покоякова, К. А. (2023). Epic studies. *Eposovedenie*, 3, 70–78. <https://doi.org/10.25587/2782-4861-2023-3-70-78>
- Chertykova, M. (2019). Proverbial conceptualization of the common Turkic zoolexeme at ‘horse’ (based on the material of the Khakass language). *Languages and Folklore of Indigenous Peoples of Siberia*, 2, 78–84. <https://doi.org/10.25205/2312-6337-2019-2-78-84>
- Diachkovskiy, F. N., Tazranova, A. R., Bayarsaykhan, B., Trofimova, S., & Popova, N. I. (2023). Horse gait terms in Turkic languages of Siberia (compared to Mongolic languages). *Vestnik NSU. Series: History and Philology*, 22(2), 61–73. <https://doi.org/10.25205/1818-7919-2023-22-2-61-73>
- Nikolaeva, N. V., Gilazova, G. S., & Gubanov, A. R. (2025). Symbolism of the horse in Slavic and Turkic epics: Etymological and mythological aspects (based on the material of the Russian and Chuvash languages). *Philology. Theory & Practice*. <https://doi.org/10.30853/phil20250601>
- Чаенкова, О. К. (2020). Phraseological units with the component-zoonym “horse” (on the material of Ukrainian, Turkish, and English languages). *Mova*, 33. <https://doi.org/10.18524/2307-4558.2020.33.206543>
- Pimenova, M., Zhilkubaeva, A., & Bekmurzaeva, F. (2021). Horse and mare in English, Kazakh and Russian language pictures of the world. *Vestnik Volgogradskogo Gosudarstvennogo Universiteta. Seriya 2. Yazykoznanie*, 20(1), 75–88. <https://doi.org/10.15688/jvolsu2.2021.1.6>
- Коровина, А. Ю. (2012). Образно-перцептивные характеристики лингвокультурного концепта «superiority». В *Актуальные проблемы филологии: Материалы I Международной научной конференции* (с. 59–61). Меркурий. <https://moluch.ru/conf/phil/archive/28/2668>
- Абильдинова, Ж. Б., & Карпец, Б. Н. (2021). Концепт как лингвокогнитивное понятие. *Молодой ученый*, 12(354), 272–276. <https://moluch.ru/archive/354/79315>
- Утегенова, К. Т. (2020). *Концепт и концептосфера: Учебное пособие*. РИЦ ЗКГУ.
- Кузлякин, С. В. (2005). Проблема создания концептуальной модели в лингвистических исследованиях. В *Русистика и современность: Т. 1. Лингвокультурология и межкультурная коммуникация* (с. 136–141). Санкт-Петербург.

References

- Abildinova, Zh. B., & Karpets, B. N. (2021). Kontsept kak lingvokognitivnoe ponyatie [Concept as a linguocognitive notion]. *Molodoi uchenyi*, 12(354), 272–276. <https://moluch.ru/archive/354/79315> (In Russian)
- Balmagambetova, Zh. T., & Nurgalieva, A. A. (2016). Ponyatie kontsepta v lingvokognitologii i lingvokulturologii [The notion of concept in linguocognitology and linguoculturology]. In *Aktualnye problemy filologii: Materialy II Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii* [Current issues of philology: Proceedings of the II International Scientific Conference] (pp. 83–87). Novatsiya. <https://moluch.ru/conf/phil/archive/177/9592> (In Russian)
- Baisydyk, I. B., Nurbayeva, A. M., & Zhetibai, R. K. (2025). Kognitivnye i lingvokulturnye parametry kontsepta “gost/qonaq” v russkom i kazakhskom yazykakh [Cognitive and linguocultural parameters of the concept “guest/qonaq” in Russian and Kazakh]. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 199(3), 30–41. <https://doi.org/10.26577/EJPh202519933> (In Russian)
- Chaienkova, O. K. (2020). Phraseological units with the component-zoonym “horse” (on the material of Ukrainian, Turkish, and English languages). *Mova*, 33. <https://doi.org/10.18524/2307-4558.2020.33.206543> (In English)
- Chertykova, M. (2019). Proverbial conceptualization of the common Turkic zoolexeme at “horse” (based on the material of the Khakass language). *Languages and Folklore of Indigenous Peoples of Siberia*, 2, 78–84. <https://doi.org/10.25205/2312-6337-2019-2-78-84>
- Diachkovskiy, F. N., Tazranova, A. R., Bayarsaykhan, B., Trofimova, S., & Popova, N. I. (2023). Horse gait terms in Turkic languages of Siberia (compared to Mongolic languages). *Vestnik NSU. Series: History and Philology*, 22(2), 61–73. <https://doi.org/10.25205/1818-7919-2023-22-2-61-73>
- Иина, Е. В. (2015). Yazykovaya kartina mira kak sovokupnost kontseptosfer [The linguistic worldview as a set of conceptospheres]. *Filologiya i literaturovedenie*, 12. <https://philology.snauka.ru/2015/12/1801> (In Russian)
- Isaeva, Zh. I. (2020). Ul'tyq paremiologiyadagy “tagdyr” kontseptisi [The concept of “fate” in national paremiology]. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 3(149), 97-102. (In Kazakh)
- Karasik, V. I. (2021). *Yazykovoii krug: Lichnost, kontsepty, diskurs* [Language circle: Personality, concepts, discourse]. Peremena. (In Russian)
- Korovina, A. Yu. (2012). Obrazno-pertseptivnye kharakteristiki lingvokulturnogo kontsepta “superiority” [Figurative and perceptual characteristics of the linguocultural concept “superiority”]. In *Aktualnye problemy filologii: Materialy I Mezhdunarodnoi*

nauchnoi konferentsii [Current issues of philology: Proceedings of the I International Scientific Conference] (pp. 59–61). Merkurii. <https://moluch.ru/conf/phil/archive/28/2668> (In Russian)

Kortabaeva, G. Q., & Qudaibergenova, A. N. (2019). Turki tilderindegi “zhylqy” atayu: Etimologiyasy zhane kontseptilik mazmuny [The name “horse” in Turkic languages: Etymology and conceptual content]. *Abai atyndagy QazUPU-nin Habarshysy. Filologiya gylymdary seriyasy*, 4(70). (In Kazakh)

Kubryakova, E. S. (2004). *Kontsept kak bazovaya edinitsa soznaniya* [Concept as a basic unit of consciousness]. Nauka. (In Russian)

Kusainyova, A. B. (2023). Qazaq zhane turik tilderindegi zhylqyga qatysty zoonimdik leksika [Zoonymic vocabulary related to the horse in Kazakh and Turkish]. In *Turki runa eskertkishlerin zertteu maseleleri: Halyqaralyq konferentsiya materialdary* [Issues in the study of Turkic runic monuments: Proceedings of the International Conference]. Astana. (In Kazakh)

Kuzlyakin, S. V. (2005). Problema sozdaniya kontseptualnoi modeli v lingvisticheskikh issledovaniyakh [The problem of creating a conceptual model in linguistic research]. In *Rusistika i sovremennost: T. 1. Lingvokulturologiya i mezhkulturnaya kommunikatsiya* [Russian studies and modernity: Vol. 1. Linguoculturology and intercultural communication] (pp. 136–141). Sankt-Peterburg. (In Russian)

Nikolaeva, N. V., Gilazova, G. S., & Gubanov, A. R. (2025). Symbolism of the horse in Slavic and Turkic epics: Etymological and mythological aspects (based on the material of the Russian and Chuvash languages). *Philology. Theory & Practice*. <https://doi.org/10.30853/phil20250601>

Pimenova, M., Zhilkubaeva, A., & Bekmurzaeva, F. (2021). Horse and mare in English, Kazakh and Russian language pictures of the world. *Vestnik Volgogradskogo Gosudarstvennogo Universiteta. Seriya 2. Yazykoznanie*, 20(1), 75–88. <https://doi.org/10.15688/jvolsu2.2021.1.6>

Pokoyakova, K. A. (2023). Epic studies. *Eposovedenie*, 3, 70–78. <https://doi.org/10.25587/2782-4861-2023-3-70-78>

Popova, Z. D., & Sternin, I. A. (2020). *Kognitivnaya lingvistika* [Cognitive linguistics]. Voronezh. (In Russian)

Rubtsova, E. V., & Devdariani, N. V. (2021). Kontsept kak mnogokomponentnyi fenomen [Concept as a multicomponent phenomenon]. *Baltiiskii gumanitarnyi zhurnal*, 10(3[36]). <https://cyberleninka.ru/article/n/kontsept-kak-mnogokomponentnyy-fenomen> (In Russian)

Utegenova, K. T. (2020). *Kontsept i kontseptosfera: Uchebnoe posobie* [Concept and conceptsphere: Textbook]. RITs ZKGU. (In Russian)

Vorkachev, S. G. (2020). *Lingvokulturologiya: Aksiologicheskii podkhod* [Linguoculturology: An axiological approach]. Moskva. (In Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Каспакбаева Гульзат Бейсенғалиевна (корреспонденттік автор) – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: kaspakbayeva_gulzat@live.kaznu.kz).

Баят Ерболат — PhD, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: erbolat.bayat@mail.ru).

Исмайлова Нургуль Ахметхановна – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: nurashismailova@gmail.com).

Қуралова Алтынқыз Токтаровна – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: kuralovaalтынkyz@gmail.com).

Information about the authors:

Kaspakbaeva Gulzat (corresponding author) – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kaspakbayeva_gulzat@live.kaznu.kz).

Bayat Yerbolat – PhD, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: erbolat.bayat@mail.ru).

Ismailova Nurgul – PhD, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: nurashismailova@gmail.com).

Kuralova Altynkyz – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kuralovaalтынkyz@gmail.com).

Сведения об авторах:

Каспакбаева Гульзат Бейсенғалиевна (автор-корреспондент) – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: kaspakbayeva_gulzat@live.kaznu.kz).

Баят Ерболат – PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: erbolat.bayat@mail.ru).

Исмайлова Нургуль Ахметхановна – PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: nurashismailova@gmail.com).

Қуралова Алтынқыз Токтаровна – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: kuralovaalтынkyz@gmail.com).

Келін түсті: 4 қаңтар 2026 жыл
Қабылданды: 6 маусым 2026 жыл